User Manual

GETTING STARTED? EASY.

ZWSG 7101V

KK Қолдану туралы нұсқаулары 2
Кір жуғыш машина
RU Инструкция по эксплуатации 20
Стиральная машина

ZANUSSI

⚠ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Құрылғыны орнатып іске қолданар алдында бірге жеткізілген нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Құрылғыны дұрыс орнатпау мен дұрыс пайдаланбау нәтижесінде адам жарақат алса және ақаулық орын алса өндіруші жауапты емес. Нұсқаулықты келешекте қарап жүру үшін үнемі сақтап қойыңыз.

БАЛАЛАР МЕН ДӘРМЕНСІЗ АДАМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

- Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балалар мен денесіне, сезім жүйесіне не ақыл-есіне зақым келген адамдар не тәжірибесі аз адамдар өз қауіпсіздіктерін қамтамасыз ететін адамның қадағалауы немесе құрылғыны қауіпсіз қолдану бойынша берген нұсқауына сүйеніп, дұрыс қолданбау салдарын түсінсе қолдануына болады.
- Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Орам материалдарының барлығын балалардан алыс ұстаңыз.
- Жуғыш заттардың барлығын балалардан алыс ұстаңыз.
- Құрылғының есігі ашық тұрғанда, балалар мен үй жануарларын алыс ұстаңыз.
- Балалар тазалау және күтім көрсету жұмыстарын басқаның бақылауынсыз орындамауға тиіс.

ҚАУІПСІЗДІК ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

- Бұл құрылғының техникалық сипаттамасын өзгертпеңіз.
- Ең көп салмақ 6 кг көрсетілімін орындаңыз ("Бағдарлама кестесі" тарауын қараңыз).
- Судың жұмыс кезіндегі қысымы (ең аз және ең көп) 0,5 бар (0,05 МПа) және 8 бар (0,8 МПа) арасында болуға тиіс.
- Табанындағы желдеткіш саңылауларға (егер бар болса) кілем кедергі жасамауға тиіс.

- Құрылғыны жаңа түтіктер жинағын пайдаланып, су жүйесіне қосу керек. Ескі түтіктерді қайта пайдалануға болмайды.
- Егер қуат сымына зақым келсе, қатерден сақтану үшін оны өндіруші немесе уәкілетті қызмет көрсету орталығы немесе сол сияқты білікті маман ауыстыруға тиіс.
- Құрылғыны жөндеу алдында электр желісінен ағытып, ашасын розеткадан суырыңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін сулы спрейді және буды қолданбаңыз.
- Құрылғыны дымқыл, жұмсақ шүберекпен тазалаңыз. Тек бейтарап тазартқыш заттарды қолданыңыз. Жеміргіш заттарды, түрпілі жөкені, еріткіштерді немесе темір заттарды пайдаланбаңыз.

ҚАУІПСІЗДІК НҰСҚАУЛАРЫ

ОРНАТУ

- Орам материалдарының және тасымал тетіктерінің барлығын алыңыз.
- Тасымал тетіктерін сақтап қойыңыз. Құрылғыны қайта көшірген кезде, барабанды бұғаттап қою керек.
- Құрылғыны жылжытқан кезде үнемі абай болыңыз, себебі салмағы ауыр. Әрқашан қорғаныс қолғабын киіңіз.
- Бүлінген құрылғыны орнатпаңыз немесе іске қоспаңыз.
- Құрылғымен бірге берілген орнату бойынша нұсқауларды орындаңыз.
- Құрылғыны температурасы 0 °C градустан төмен немесе ауа-райы әсер ететін жерлерге орнатпаңыз немесе пайдаланбаңыз.
- Құрылғы орнатылатын еденнің тегіс, орнықты, қызуға төзімді және таза болуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғы мен еден арасында ауаның айналуын қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғы мен кілемнің арасында тиісті орын болуын қамтамасыз ету үшін өзгермелі тіректерін реттеңіз.
- Құрылғыны есігі толық ашылмайтын жерге орнатпаңыз.

ЭЛЕКТРТОҒЫНА ҚОСУ

- Құрылғыны міндетті түрде жерге тұйықтау қажет.
- Әрқашан дұрыс орнатылған, қатерден сақтандырылған розетканы қолданыңыз.
- Техникалық ақпарат тақтайшасындағы электр параметрлерінің электр желісіндегі параметрлерге сай келетініне көз жеткізіңіз. Сай келмесе, электршіге хабарласыңыз.
- Көп тармақты адаптерлер мен ұзартқыш сымдарды қолданбаңыз.
- Құрылғының ашасына және сымына зақым келтірмеңіз. Қорек сымын ауыстыру қажет болса, оны міндетті түрде қызмет көрсету орталығы жүзеге асыруға тиіс.
- Құрылғының ашасын розеткаға тек құрылғыны орнатып болғаннан кейін ғана жалғаңыз. Орнатып болғаннан кейін ашаның қол жететін жерде тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Қорек сымын немесе ашасын су қолмен ұстамаңыз.
- Құрылғыны тоқтан ажырату үшін сымынан тартпаңыз. Әрқашан ашасынан тартып суырыңыз.
- ҰБ мен Ирландияға ғана арналған: Құрылғының 13 амперлік қуат ашасы бар. Егер қуат ашасының сақтандырғышын ауыстыру қажет болса 13 амперлік ASTA (BS 1362) сақтандырғышын пайдаланыңыз.
- Бұл құрылғы E.E.C. ережелеріне сай келеді.

СУҒА ҚОСУ

- Су қосылымы түтіктеріне ешбір зақым келтірмеңіз.
- Құрылғыны жаңа құбырларға немесе ұзақ уақыт қолданылмаған құбырларға жалғамай тұрып, суын тазарғанша ағызыңыз.
- Құрылғыны алғаш рет қолданған кезде еш жерінен су ақпай тұрғанына көз жеткізіңіз.

ПАЙДАЛАНУ

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Жарақат алу, электр қатері, күйіп қалу және өрт қаупі, құрылғыны бүлдіріп алу қаупі бар.

- Бұл құрылғыны үйде ғана пайдаланыңыз.
- Жуғыш заттың орамында көрсетілетін нұсқауларды орындаңыз.
- Тұтанғыш заттарды немесе ішіне тұтанғыш зат салынған дымқыл заттарды құрылғының ішіне, қасына немесе үстіне қоймаңыз.
- Кірдегі темір заттардың барлығының алынғанына көз жеткізіңіз.
- Құрылғының астына ағып кетуі мүмкін суды құю үшін сауыт қоймаңыз. Қолданылатын керек-жарақтың түрін уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласып біліңіз.
- Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде есіктің шынысына қол тигізбеңіз. Шыны ыстық болуы мүмкін.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАСТАУ

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Жарақат алу немесе тұншығып қалу қаупі бар.

- Құрылғыны электр желісінен ажыратыңыз.
- Қуат сымын кесіп алыңыз да, қоқысқа тастаңыз.
- Балалар мен жануарлар құрылғыға қамалып қалмас үшін есіктің бекітпесін алыңыз.

БҰЙЫМ СИПАТТАМАСЫ

ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ЖАЛПЫ КӨРІНІСІ



1. Жұмыс тақтасы
2. Жуғыш зат үлестіргіші
3. Басқару панелі
4. Есіктің тұтқасы
5. Техникалық ақпарат тақтайшасы
6. Су төгетін сорғының сүзгісі
7. Құрылғы деңгейін реттеуге арналған тірек

БАСҚАРУ ПАНЕЛІ

БАСҚАРУ ПАНЕЛІНІҢ СИПАТТАМАСЫ



1. Бағдарлама түймешесі
2. Дисплей
3. Кешіктіріп бастау түймешігі (Отложенный старт)
4. Есік құлыптаулы индикаторы
5. Бастау/Үзіліс түймешігі (Старт/Пауза)
6. Қосымша шаю түймешігі (Доп. полоскание)
7. Өте жылдам цикл түймешігі (Супер Быстрый)
8. Шаюды кідірту түймешігі (Остановка полоскания)
9. Айналдыру жылд. азайту түймешігі (Отжим)
10. Температура түймешігі (Температура)

БЕЙНЕБЕТ



Бейнебетте төмендегілер көрсетіледі:

A) Кешіктіріп бастау функциясы. Кешіктіріп бастау түймешігін басқан кезде бейнебетте кешіктіріп бастау уақыты көрсетіледі.

B) Бала қауіпсіздігі құлпының индикаторы. Тиісті функция орнатылған кезде бейнебетте индикатор жанады.

C) Осы аумақта көрсетіледі:
- Бағдарлама уақыты.
- Ескерту кодтары. Егер құрылғының ақауы бар болса, бейнебетте ескерту кодтары көрсетіледі. "Ақаулықты түзету" тарауын қараңыз.
- Бейнебетте Err хабары келесі жағдайларда бірнеше секунд көрсетіледі:

– Бағдарламаға сай келмейтін параметрді орнатсаңыз.

– Бағдарламаны жұмыс істеп тұрған кезінде өзгертсеңіз.

БАҒДАРЛАМА КЕСТЕСІ

Бағдарлама Температура ауқымы	Ең үлкен салмақ Ең үлкен айналдыру жылдамдығы	Бағдарлама сипаттамасы (Кірдің салмағы және кірлеу дәрежесі)
Жуу бағдарламалары		
Хлопок 90°C - ⁎ (Суық)	6 кг 1000 мин/айн	**Ақ және түрлі-түсті мақта мата**. Қалыпты және шамалы ластанған кір.
Хлопок + Предв. стирка 90°C - ⁎ (Суық)	6 кг 1000 мин/айн	**Ақ және түрлі-түсті мақта мата**. Қатты және қалыпты кірлеген.
Хлопок Eco[1)] 60°C - 40°C	6 кг 1000 мин/айн	**Ақ мақта мата және бояуы қанық мақта мата**. Қалыпты кірлеген. Қуатты пайдалану азаяды және жуу бағдарламасының уақыты ұзарады.
Синтетика 60°C - ⁎ (Суық)	3 кг 1000 мин/айн	**Синтетика немесе аралас матадан жасалған заттар**. Қалыпты кірлеген.
Микс 20° 20°C	3 кг 1000 мин/айн	Шамалы кірлеген мақта матаға, синтетикаға және аралас маталарға арналған арнайы бағдарлама. Қуат мөлшерін азайту үшін осы бағдарламаны орнатыңыз. Жақсы жуу нәтижелеріне қол жеткізу үшін, жуғыш заттың төмен температураға арналғанын тексеріңіз[2)].
Тонкие ткани 40°C - ⁎ (Суық)	3 кг 700 мин/айн	**Акрил, вискоза, полиэстер тәрізді биязы матадан жасалған заттар**. Қалыпты кірлеген.
Шерсть/Ручная стирка 40°C - ⁎ (Суық)	1 кг 1000 мин/айн	**«Қолмен жуу» белгісі бар нәзік маталар, машинамен жууға болатын жүн маталар және қолмен жууға болатын жүн маталар.**[3)]
Полоскание	6 кг 1000 мин/айн	Кірді шаюға және айналдыруға арналған. **Барлық маталар**.
Слив	6 кг	Барабандағы суды төгуге арналған. **Барлық маталар**.

Бағдарлама Температура ауқымы	Ең үлкен салмақ Ең үлкен айналдыру жылдамдығы	Бағдарлама сипаттамасы (Кірдің салмағы және кірлеу дәрежесі)
Отжим	6 кг 1000 мин/айн	Кірді айналдыруға және барабандағы суды төгуге арналған. **Барлық маталар**.
Легкая глажка 60°C - ⁎ (Суық)	1.5 кг 700 мин/айн	**Баппен жуылатын синтетикалық заттар**. Қалыпты және шамалы ластанған кір.[4]
5 рубашек 30°C	700 мин/айн	**Синтетика және аралас матадан жасалған заттар**. Шамалы кірлеген және жаңартуды қажет ететін заттар. 5 - 6 жейде.
30'@30° 30°C	3 кг 700 мин/айн	**Синтетика және нәзік заттар**. Шамалы кірлеген немесе жаңартуды ғана қажет ететін заттар.
Джинсы 60°C - ⁎ (Суық)	6 кг 1000 мин/айн	**Джинс және джерсиден жасалған заттар**. Баран түсті заттарға да арналған.

1) Мақта мата, үнемді бағдарламасы. Бұл бағдарлама 60ºC градуспен жуатын, 6 салмаққа арналған, қуат мәндері көрсетілген тақтайшадағы ақпарат негізінде EEC 92/75 стандарттарына сай берілген бағдарлама. Жуу нәтижесін жақсарту және қуатты аз тұтыну үшін осы бағдарламаны орнатыңыз. Жуу бағдарламасының уақыты ұзарады.
2) Егер судың температурасы 20°C градустан төмен болса, құрылғы қысқа жылыту циклын орындайды. Құрылғы судың температурасын "суық" ретінде көрсетеді.
3) Осы цикл кезінде кірді баппен жуу үшін барабан баяу айналады. Барабан айналмай тұрған сияқты немесе дұрыс айналмай тұрған сияқты көрінуі мүмкін. Бұл құрылғы үшін қалыпты жағдай.
4) Бұл цикл кірлер мыжылып қалмас үшін судың температурасын реттеп, баппен жуады және сығады. Құрылғы бірнеше шаю циклдарын қосады.

Бағдарлама параметрлерінің сыйысымдылығы

Бағдарлама	Отжим	Остановка полоскания	Супер Быстрый [1]	Доп. полоскание [2]	Отложенный старт
Хлопок	■	■	■	■	■
Хлопок + Предв. стирка	■	■	■	■	■

Бағдарлама	Отжим	Остановка полоскания	Супер Быстрый [1]	Доп. полоскание [2]	Отложенный старт
Хлопок Eco	■	■		■	■
Синтетика	■	■	■	■	■
Микс 20°	■	■		■	■
Тонкие ткани		■	■	■	■
Шерсть/Ручная стирка	■	■			■
Полоскание	■	■		■	■
Слив					
Отжим	■				■
Легкая глажка	■	■		■	■
5 рубашек	■				■
30'@30°					■
Джинсы	■	■		■	■

1) Егер қысқа цикл уақытын орнатсаңыз, кірдің мөлшерін азайтуды ұсынамыз. Құрылғыға кірді толтыра салуға болады, бірақ жуу нәтижесі төмендейді.
2) Егер Қосымша шаю функциясы орнатылса, құрылғы қосымша шаю циклдарын қосады. Шаю бағдарламасы үшін төмен жылдамдықпен айналдыру циклын орнатсаңыз, құрылғы баппен шаю және қысқа айналдыру циклын орындайды.

ПАЙДАЛАНУ КӨЛЕМІ

Осы кестеде жалпылама орташа мәндер көрсетілген. Әр түрлі себептер деректердің өзгеруіне әкелуі мүмкін: кірдің мөлшері мен түрі, судың және қоршаған ортаның температурасы.

Бағдарламалар	Салмақ (кг)	Қуат тұтыну (кВт/сағ)	Суды пайдалану (литр)	Бағдарламаның болжалды ұзақтығы (минут)
Мақта мата 60 °C	6	1.26	60	183

Бағдарламалар	Салмақ (кг)	Қуат тұтыну (кВт/сағ)	Суды пайдалану (литр)	Бағдарламаның болжалды ұзақтығы (минут)
Мақта мата, үнемді 60 °C бағдарламасы[1)]	6	0.80	48	204
Мақта мата 40 °C	6	0.83	60	165
Синтетика 40 °C	3	0.63	55	119
Нәзік мата 40 °C	3	0.50	45	49
Жүн мата/Қолмен жуу 30 °C	1	0.45	59	69

1) 6 кг салмаққа арналған «Мақта мата, үнемді 60°C бағдарламасы» қуат мәндері көрсетілген тақтайшадағы ақпарат негізінде EEC 92/75 стандарттарына сай берілген бағдарлама.

Сөндіру режимі (Вт)	Қосулы режим (Вт)
0,48	0,48

Жоғарыда көрсетілген кестедегі ақпарат 2009/125/ЕО нұсқауын жүзеге асыру үшін ЕО Комиссиясының 1015/2010 ережесіне сай берілген.

ФУНКЦИЯЛАР

ТЕМПЕРАТУРА

Осы функцияның көмегімен әдепкі температураны өзгертуге болады.

индикаторы = суық су.

Орнатылған температураның индикаторы жанады.

ОТЖИМ

Осы функцияның көмегімен әдепкі айналдыру жылдамдығын өзгертуге болады.

Орнатылған жылдамдықтың индикаторы жанады.

ОСТАНОВКА ПОЛОСКАНИЯ

- Кірлер мыжылып қалмас үшін осы параметрді орнатыңыз.
- Тиісті индикатор жанады.
- Бағдарлама аяқталған кезде барабан ішінде су қалады.
- Кір мыжылып қалмас үшін барабан мезгіл-мезгіл айналып тұрады.
- Есік құлыпталып тұрады. Есікті ашу үшін суды төгу керек.

Суды төгу үшін "Бағдарламаның соңы" тарауын қараңыз.

СУПЕР БЫСТРЫЙ

Бағдарламаның уақытын қысқарту үшін осы түймешікті басыңыз.

Осы параметрді шамалы кірлеген немесе жаңартуды қажет ететін кірлерді жуу үшін орнатыңыз.

ДОП. ПОЛОСКАНИЕ

Осы параметрдің көмегімен жуу бағдарламасына бірнеше шаю циклын қосуға болады.

Бұл функцияны жуғыш заттарға аллергиясы бар адамдар үшін және суы тым тұщы жерлерде қолданыңыз.

Тиісті индикатор жанады.

ОТЛОЖЕННЫЙ СТАРТ

Осы параметрдің көмегімен бағдарламаны 30 минуттан 20 сағатқа дейін кешіктіріп бастауға болады.

Бейнебетте тиісті индикатор пайда болады.

ЕСІК ҚҰЛЫПТАУЛЫ ИНДИКАТОРЫ

индикаторы есікті қашан ашуға болатынын көрсетеді:

- Индикатор жанады: есікті ашуға болмайды.
- Индикатор жыпылықтайды: есік бірнеше минуттан кейін ашылады.
- Индикаторы сөнеді: есікті ашуға болады.

ПАРАМЕТРЛЕР

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ҚҰРАЛЫ

Осы функцияның көмегімен балалар басқару панелімен ойнауға жол бермейсіз.

- Осы функцияны **іске қосу/ажырату** үшін **Температура** және **Отжим** түймешіктерін **индикаторы жанғанша/сөнгенше қатар басыңыз**.

Мына параметрді қосуға болады:

- Старт/Пауза түймешігін басқаннан кейін: функциялар мен бағдарлама тетігі бұғатталады.
- Старт/Пауза түймешігін баспай тұрып: құрылғы іске қосылмайды.

ДЫБЫСТЫҚ СИГНАЛДАР

Дыбыстық сигналдар мына жағдайларда қосылады:

- Бағдарлама аяқталғанда.
- Құрылғыда ақау бар кезде.

Дыбыстық сигналдарды **сөндіру/қосу** үшін **Остановка полоскания** және **Супер Быстрый** түймешіктерін 6 секунд қатар басыңыз.

Егер дыбыстық сигналдарды сөндірсеңіз, олар құрылғыда ақау пайда болған кезде қосыла береді.

ЭКСТРА ШАЮ

Осы функцияның көмегімен жаңа бағдарлама орнатқан кезде қосымша шаю циклі тұрақты орнатылып тұрады.

- Осы функцияны **қосу/сөндіру** үшін **Остановка полоскания** және **Доп. полоскание** түймешіктерін **индикаторы жанғанша/сөнгенше қатар басыңыз**.

БІРІНШІ ҚОЛДАНҒАНҒА ДЕЙІН

1. Жуу циклының жуғыш затына арналған бөлікке 2 литр су құйыңыз.

Бұл су төгу жүйесін іске қосады.

2. Жуу циклына арналған бөлікке шамалы жуғыш зат салыңыз.
3. Мақта матаға арналған бағдарламаны орнатып, ең жоғары температураға қойып ешбір кір салмай жуыңыз.

Бұл цикл барабан мен машинаның ішінде бар болуы мүмкін кірлердің барлығын кетіреді.

ӘРКҮНДІК ҚОЛДАНУ

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

КІРДІ САЛУ

Су құятын шүмекті ашыңыз. Ашаны розеткаға қосыңыз.

1. Құрылғының есігін ашу үшін есіктің тұтқасын тартыңыз.
2. Кірді барабанға бір-бірден салыңыз.
3. Кірлерді құрылғыға салар алдында сілкілеңіз.

Барабанға тым көп кір салынбағанына көз жеткізіңіз. "Бағдарлама кестесі" тарауында көрсетілген кірдің мах. салмағын қараңыз.

4. Есікті жабыңыз.



САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ!
Тығыздағыш пен есіктің арасына ешбір кір қыстырылып қалмағанына көз жеткізіңіз. Су ағуы немесе кірге нұқсан келуі мүмкін.

ЖУҒЫШ ЗАТ ПЕН ҮСТЕМЕЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ



1. Жуғыш зат пен мата жұмсартқышты өлшеп алыңыз.
2. Жуғыш зат үлестіргішті абайлап жабыңыз.

ЖУҒЫШ ЗАТ САЛЫНАТЫН БӨЛІКТЕР

САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ! Кір жуғыш машинаға арнайы жуғыш заттарды ғана пайдаланыңыз.

Жуғыш заттардың орамында көрсетілетін нұсқауларды әрқашан орындаңыз.

1	Алдын ала жуу немесе жібіту бағдарламаларына арналған жуғыш зат салынатын бөліктер (егер бар болса). Алдын ала жуу және жібіту циклдарына арналған жуғыш затты бағдарламаны бастамай тұрып салыңыз.
2	Жуу циклына арналған жуғыш зат бөлігі. Сұйық жуғыш затты қолдансаңыз, оны бағдарламаны бастаудың сәл алдында ғана салыңыз.
❀	Сұйық үстемелерге арналған бөлік (мата жұмсартқыш, крахмал). Жуғыш құралды бағдарламаны бастамай тұрып бөлікке салыңыз.

СҰЙЫҚ НЕМЕСЕ ҰНТАҚ ЖУҒЫШ ЗАТ



Жуғыш зат үлестіргішті тоқтап қалғанша сыртқа қарай тартыңыз. Жуғыш зат бөлгіштің **A** қалпы - ұнтақ жуғыш затқа арналған.



Сұйық жуғыш затты пайдалану үшін:
1. Жуғыш зат бөлгішті **A** қалпынан алыңыз.



2. Жуғыш зат бөлгішті **B** қалпына қойыңыз.
3. Жуғыш зат үлестіргішін абайлап жабыңыз.

Қайта ұнтақ жуғыш затты пайдалану үшін, жуғыш зат бөлгішті қайта **A** қалпына қойыңыз.

Сұйық жуғыш затты пайдаланған кезде:

- Қоймалжың немесе қою сұйық жуғыш заттарды қолданбаңыз.
- Сұйық жуғыш затты жуғыш заттың бөлгішіндегі көрсетілген межеден асырмаңыз.
- Алдын ала жуу параметрін орнатпаңыз.
- Кешіктіріп бастау параметрін орнатпаңыз.

БАҒДАРЛАМАНЫ ОРНАТУ

1. Бағдарлама орнату және құрылғыны қосу үшін бағдарлама тетігін бұраңыз:
   - **Старт/Пауза** түймешігінің индикаторы жыпылықтайды.
   - Дисплейде бағдарлама ұзақтығы көрсетіледі.
2. Қажет болса, температура мен айналдыру жылдамдығын өзгертіңіз немесе қолжетімді параметрлерді қосыңыз. Параметрді қосқан кезде орнатылған параметрдің индикаторы жанады.

Егер қате орнатып қойсаңыз, бейнебетте Err көрсетіледі.

КЕШІКТІРІП БАСТАУ ФУНКЦИЯСЫ ЖОҚ БАҒДАРЛАМАНЫ БАСТАУ

Старт/Пауза түймешігін басыңыз.

- Старт/Пауза түймешігінің индикаторы жыпылықтауын тоқтатып, жанған қалпы тұрады.
- Бағдарлама басталып, есік құлыпталады да, индикаторы жанады.
- Бағдарламаның уақыты бір минутқа тең қадаммен азаяды.

Су сорғысы жуу циклының басында шамалы уақыт жұмыс істейді.

КЕШІКТІРІП БАСТАУ ПАРАМЕТРІ БАР БАҒДАРЛАМАНЫ БАСТАУ

1. Отложенный старт түймешігін бейнебетте орнатқыңыз келген кешіктіріп бастау уақыты көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз. Кешіктіріп бастау индикаторы жанады.
2. Старт/Пауза түймешігін басыңыз:
   - Есік бұғаттаулы және индикаторы жанып тұр.
   - Құрылғы кері санай бастайды.
   - Кері санақ аяқталған кезде, бағдарлама автоматты түрде басталады.

Орнатылған Отложенный старт параметр мәнін Старт/Пауза түймешігін баспай тұрып болдырмауға немесе өзгертуге болады. Старт/Пауза түймешігін басқаннан кейін, Отложенный старт параметрін болдырмайтын ғана мүмкіндік бар.

Отложенный старт параметрін болдырмау үшін:

a. Құрылғыны үзіліске қою үшін Старт/Пауза түймешігін басыңыз. Старт/Пауза түймешігінің индикаторы жыпылықтайды.

b. Отложенный старт түймешігін бейнебетте 0 пайда болғанша басыңыз.
Бағдарламаны дереу бастау үшін Старт/Пауза түймешігін қайта басыңыз.

ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРҒАН БАҒДАРЛАМАНЫ БОЛДЫРМАУ

1. Бағдарламаны біржола тоқтату және құрылғыны сөндіру үшін бағдарлама тетігін ⏻ қалпына қойыңыз.
2. Құрылғыны іске қосу үшін бағдарлама тетігін қайта бұраңыз. Енді жаңа жуу бағдарламасын орнатуға болады.

Жаңа бағдарламаны бастау алдында құрылғының суы төгіледі. Бұл жағдайда, жуғыш зат үлестіргіште жуғыш заттың бар екеніне көз жеткізіңіз, егер жоқ болса қайтадан толтырыңыз.

БАҒДАРЛАМАНЫ КІДІРТУ ЖӘНЕ ПАРАМЕТРЛЕРДІ ӨЗГЕРТУ

Кей функцияларды ғана басталмай тұрып өзгертуге болады.

1. Старт/Пауза түймешігін басыңыз.

Индикатор жыпылықтайды.

2. Функцияларды өзгертіңіз.
3. Старт/Пауза түймешігін қайта басыңыз.

Бағдарлама жалғасады.

ЕСІКТІ АШУ

Бағдарлама немесе Отложенный старт функциясы жұмыс істеп тұрғанда, құрылғының есігі бекітулі тұрады. 🔒 индикаторы жанады.

САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ! Егер барабанның ішіндегі температура мен судың деңгейі өте жоғары болса және барабан әлі айналып тұрса, есік ашылмайды.

Циклдың алғашқы минутында немесе Отложенный старт функциясы жұмыс істеп тұрғанда есікті ашу үшін:

1. Құрылғыны кідірте тұру үшін Старт/Пауза түймешігін басыңыз.
2. 🔒 индикаторы сөнгенше күтіңіз.
3. Есікті ашуға болады.
4. Есікті жауып Старт/Пауза түймешігін қайта басыңыз. Бағдарлама (немесе Отложенный старт функциясы) жалғасады.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ СОҢЫ

- Құрылғы автоматты түрде тоқтайды.
- Дыбыстық сигналдар естіледі (егер қосулы тұрса).
- Бейнебетте 0 жанады.
- Старт/Пауза түймешігінің индикаторы сөнеді.
- Есік құлпының 🔒 индикаторы сөнеді. Құрылғыны сөндіру үшін бағдарлама тетігін ⏻ қалпына бұраңыз.
- Есікті ашуға болады.
- Құрылғыдан кірді алыңыз. Барабанның бос екеніне көз жеткізіңіз.
- Судың шүмегін жабыңыз.
- Зең және иіс пайда болмас үшін есікті және жуғыш зат үлестіргішті сәл ашып қойыңыз.

Жуу бағдарламасы аяқталды, бірақ барабанда су тұр:

- Кір мыжылып қалмас үшін барабан мезгіл-мезгіл айналып тұрады.
- Суды төгуді ескерту үшін Остановка полоскания индикаторы жанып тұрады.
- Есік бұғаттаулы 🔒 индикаторы жанып тұр. Старт/Пауза түймешігінің индикаторы жыпылықтайды. Есік құлыпталып тұрады.
- Есікті ашу үшін суды төгу керек.

Суды төгу:

1. Суды төгу үшін.
   - Слив немесе Отжим бағдарламасын орнатыңыз.
   - Старт/Пауза түймешігін басыңыз. Құрылғы суды төгеді де, айналдыру кезеңін орындайды.
2. Бағдарлама аяқталып, есік бұғаттаулы индикаторы 🔒 көрінбей кеткенде есікті ашуға болады.
3. Құрылғыны сөндіру үшін бағдарлама тетігін ⏻ қалпына бұраңыз.

КҮТУ РЕЖИМІ

Жуу бағдарламасы аяқталғаннан кейін бірнеше минуттан кейін құрылғыны сөндірмесеңіз, қуатты үнемдеу режимі қосылады. Қуатты үнемдеу режимі құрылғы күту режимінде тұрған кезде пайдаланылатын қуат мөлшерін азайтады:

- Барлық индикаторлар мен бейнебет сөнеді.
- Бастау түймешігінің индикаторы баяу жыпылықтайды.

Қуатты үнемдеу режимін ажырату үшін түймешіктердің бірін басыңыз.

АҚЫЛ-КЕҢЕС

КІР САЛУ

- Кірді былай сұрыптаңыз: ақ, түрлі-түсті, синтетика, нәзік және жүн мата.
- Кірдің затбелгісіндегі жуу нұсқауларын орындаңыз.
- Ақ және түрлі-түсті заттарды бірге жумаңыз.
- Кейбір түрлі-түсті заттарды алғаш жуғанда бояуы шығуы мүмкін. Оларды алғаш жуғанда бөлек жууға кеңес береміз.
- Жастық қаптарының түймесін салып, тартпаларды тартып жауып, ілгектер мен батырма түймешіктерді салыңыз. Белбеулерді байлаңыз.
- Қалталарды босатып, оралған заттарды ашыңыз.
- Көп қабатты матадан жасалған, жүн матадан жасалған немесе сурет салынған киімдердің астарын сыртына аударыңыз.
- Қатты дақтарды кетіріңіз.
- Өте кір дақтарды арнайы жуғыш затпен жуыңыз.
- Перделерді абайлап жуыңыз. Ілгектерін алыңыз немесе перделерді кір жуатын торға немесе жастықтың тысына салыңыз.

- Шашақтары бар немесе кесілген жерлері бар заттарды құрылғыда жумаңыз. Кішкене заттарды жуу үшін (мысалы, сым өткізілген төс тартқыш, белдіктер, колготкилер, т.с.с.) кір жууға арналған торды пайдаланыңыз.
- Кір өте аз салынса, айналдыру циклі кезінде теңгерімді сақтауға қатысты мәселе орын алуы мүмкін. Бұндай жағдай орын алса, барабандағы кірді қолмен таратып, қайта айналдыра бастаңыз.

ОҢАЙ КЕТПЕЙТІН ДАҚТАР

Кейбір дақтарды кетіру үшін су мен жуғыш зат жеткіліксіз болады.

Бұндай дақтарды кірді құрылғыға салмай тұрып тазалауды ұсынамыз.

Дақ кетіретін арнайы құралдар болады. Дақ пен матаның түріне сай келетін арнайы дақ кетіргішті қолданыңыз.

ЖУҒЫШ ЗАТТАР МЕН ҮСТЕМЕЛЕР

- Кір жуғыш машиналарға арналған жуғыш заттар мен үстемелерді ғана қолданыңыз:
  - матаның барлық түрлеріне арналған ұнтақ жуғыштар,
  - нәзік мата (ең көбі 40 °C) мен жүн тоқымаларға арналған ұнтақ жуғыштар,
  - матаның барлық түрлеріне не тек жүн матаға арналған, төмен температурада жуатын бағдарламаларға (ең көбі 60 °C) арналған сұйық жуғыш заттар.
- Әр түрлі жуғыш заттарды араластырмаңыз.
- Қоршаған ортаға зиян келтірмеу үшін жуғыш затты қажетті мөлшерден артық пайдаланбаңыз.
- Осы заттардың орамында көрсетілетін нұсқауларды орындаңыз.
- Матаның түріне және түсіне, бағдарламаның температурасы мен кірдің деңгейіне сай келетін құралдарды қолданыңыз.
- Егер құрылғының жуғыш зат үлестіргішінде мөлшерлегіш құрал (жуғыш зат өндірушісі қамтамасыз етеді) болмаса, мөлшерлегіш шариктi қолданыңыз.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРІМ

- Қалыпты кірлеген кірді алдын ала жуу циклі жоқ бағдарламаны қолданып жуыңыз.
- Жуу бағдарламасын кірді әрқашан неғұрлым көп салғаннан кейін бастаңыз.
- Төмен температурада жуатын бағдарламаны таңдаған кезде, қажет болса дақ кетіргішті қолданыңыз.
- Жуғыш затты дұрыс мөлшерде қолдану үшін, жергілікті су жүйесіндегі судың кермектігін тексеріңіз

СУ КЕРМЕКТІГІ

Сіз тұратын жердегі су өте кермек немесе орташа кермек болса, кір жуғыш машинада су жұмсартқышты қолдануды ұсынамыз. Суы тұщы жерлерде су жұмсартқышты қолдану қажет емес.

Жергілікті жердегі судың кермектігін білу үшін су жүйесін басқару мекемесіне хабарласыңыз.

Су жұмсартқышты дұрыс мөлшерлеп пайдаланыңыз. Бұйымның орамында көрсетілетін нұсқауларды орындаңыз.

КҮТУ МЕНЕН ТАЗАЛАУ

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

СЫРТЫН ТАЗАЛАУ

Құрылғыны сабын мен жылы суды ғана қолданып тазалаңыз. Барлық беттерін әбден құрғатыңыз.

САҚТАНДЫРУ ТУРАЛЫ ЕСКЕРТУ! Спирт, еріткіш немесе химиялық заттарды қолданбаңыз.

ҚАҚТЫ ТАЗАЛАУ

Сіз тұратын жердегі су өте кермек немесе орташа кермек болса, кір жуғыш машинаға арналған қақ тазалайтын құралды қолдануды ұсынамыз.

Барабанның ішін мезгіл-мезгіл тексеріп, әк және тот бөлшектерінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Тот бөлшектерін тазалау үшін кір жуғыш машиналарға арналған арнайы құралдарды ғана пайдаланыңыз. Бұны кір жумай тұрғанда орындаңыз.

Бұйымның орамында көрсетілетін нұсқауларды әрқашан орындаңыз.

ТАЗАЛАП ЖУУ

Төмен температура бағдарламаларын қолданғанда барабанда шамалы жуғыш зат

қалып қоюы мүмкін. Құрылғыға күтім көрсету үшін уақытылы жуыңыз. Ол үшін:

- Барабаннан кірді алыңыз.
- Мақта мата жууға арналған бағдарламаны, шамалы жуғыш зат салып ең жоғары температураға қойып орнатыңыз.

ЕСІК ТЫҒЫЗДАҒЫШЫ



Тығыздағышты мезгіл-мезгіл тексеріп, ішіндегі заттардың барлығын алыңыз.

ЖУҒЫШ ЗАТ ҮЛЕСТІРГІШІН ТАЗАЛАУ



СУ ТӨГЕТІН ТҮТІКТЕГІ СҮЗГІНІ ТАЗАЛАУ







СУ ҚҰЯТЫН ТҮТІКТІҢ ЖӘНЕ КЛАПАННЫҢ СҮЗГІСІН ТАЗАЛАУ









СУДЫ ТОСЫН ЖАҒДАЙДА ТӨГУ

Ақаулыққа байланысты құрылғы суды төге алмайды.

Бұндай жағдай орын алса, 'Су төгетін сүзгіні тазалау' тарауындағы (1) бастап (10) дейінгі қадамдарды орындаңыз. Қажет болса, сорғыны тазалаңыз.

Суды төтенше жағдайда төгетін тәсілмен төккеннен кейін, су төгетін жүйені қайта іске қосу керек:

1. Суды төтенше жағдайда төгетін тәсілмен төккеннен кейін, су төгетін жүйені қайта іске қосу керек: Жуғыш зат үлестіргіштің негізгі жуу циклына арналған бөлігіне 2 литр су құйыңыз.
2. Суды төгу үшін бағдарламаны бастаңыз.

МҰЗДАП КЕТУДЕН САҚТАУ

Құрылғы температурасы 0° градустан төмен түсетін жерге орнатылса, су құятын түтіктегі және су төгетін сорғыдағы қалдық суды төгіңіз.

1. Ашаны розеткадан суырып алыңыз.
2. Судың шүмегін жабыңыз.
3. Су құятын түтіктің екі ұшын ыдысқа салып, түтіктегі суды ағызыңыз.
4. Су төгетін сорғыны босатыңыз. Суды төтнше жағдайда төгу қадамдарын қараңыз.
5. Су төгетін сорғы босаған кезде, су құятын түтікті қайта орнына қойыңыз.

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Құрылғыны қайта іске қолданар алдында температураның 0 °C градустан жоғары екеніне көз жеткізіңіз.
Төмен температураға байланысты орын алған ақауларға өндіруші жауапкершілік көтермейді.

АҚАУЛЫҚТЫ ТҮЗЕТУ

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Қауіпсіздік тарауларын қараңыз.

КІРІСПЕ

Құрылғы жұмыс істей бастамайды немесе жұмыс істеп тұрып тоқтап қалады.

Алдымен ақаулықты түзету жолын іздеңіз (кестеге қараңыз). Әйтпесе қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Кейбір ақаулықтарда дыбыстық сигналдар қосылады және бейнебетте ескерту коды пайда болады:

- E10 - Құрылғыға су дұрыс құйылмай тұр.

- E20 - Құрылғының суы төгілмей тұр.
- E40 - Құрылғының есігі ашық немесе дұрыс жабылмаған. Есікті тексеріңіз!
- EH0 - Электр желісі тұрақты емес. Электр желісі тұрақтанғанша күтіңіз.

НАЗАРЫҢЫЗДА БОЛСЫН!
Тексеріп көру алдында құрылғыны тоқтан ажыратыңыз.

ЫҚТИМАЛ АҚАУЛЫҚТАР

Ақаулық	Ықтимал шешімі
Бағдарлама басталмай тұр.	• Ашаның розеткаға қосылғанына көз жеткізіңіз. • Құрылғы есігінің жабық тұрғанына көз жеткізіңіз. • Сақтандырғыш қорабындағы сақтандырғышқа зақым келмегеніне көз жеткізіңіз. • Бастау/Үзіліс түймешігінің басылғанына көз жеткізіңіз. • Бала қауіпсіздігінің құралы қосулы тұрса, оны сөндіріңіз (егер бар болса).
Құрылғыға су дұрыс құйылмай тұр.	• Су шүмегінің ашық тұрғанына көз жеткізіңіз. • Сумен жабдықтау жүйесіндегі судың қысымының өте төмен емес екеніне көз жеткізіңіз. Бұл ақпаратты жергілікті су ресурстары мекемесіне хабарласып алыңыз. • Су шүмегінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз. • Су құятын түтіктің сүзгісі мен клапанның сүзгілерінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз. "Күту менен тазалау" тарауын қараңыз. • Су құятын түтіктің бұратылып немесе майысып қалмағанына көз жеткізіңіз. • Су құятын түтіктің дұрыс орнатылғанын көз жеткізіңіз. • Су төгетін түтіктің дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. Түтік өте төмен болуы мүмкін.
Құрылғы суы сарқылмай тұр.	• Раковина түтікшесінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз. • Су төгетін түтіктің бұратылып немесе майысып қалмағанына көз жеткізіңіз. • Су төгетін түтік сүзгісінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз. Қажет болса сүзгіні тазалаңыз. "Күту менен тазалау" тарауын қараңыз. • Су төгетін түтіктің дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз. • Егер су төгетін циклы жоқ бағдарлама орнатылып тұрса, су төгу бағдарламасын орнатыңыз. • Аяқталғанда барабан ішінде су қалатын функцияны таңдасаңыз, су төгу бағдарламасын орнатыңыз.
Айналдыру циклы жұмыс істемейді немесе жуу циклы әдеттегіден ұзаққа созылады.	• Айналдыру бағдарламасын орнатыңыз. • Су төгетін түтік сүзгісінің бітеліп қалмағанына көз жеткізіңіз. Қажет болса сүзгіні тазалаңыз. "Күту менен тазалау" тарауын қараңыз. • Бұндай жағдай орын алса, барабандағы кірді қолмен таратып, айналдыру циклін қайта бастаңыз. Бұл мәселе теңгерімге байланысты болуы мүмкін.

Ақаулық	Ықтимал шешімі
Еденге су аққан.	• Су түтіктерінің жалғастырғыштарының берік екеніне және су ағып тұрмағанына көз жеткізіңіз. • Су төгетін түтіктің еш жерінің бүлінбегеніне көз жеткізіңіз. • Дұрыс жуғыш заттың дұрыс мөлшерде пайдаланылғанына көз жеткізіңіз.
Құрылғының есігін аша алмадыңыз.	• Жуу бағдарламасының аяқталғанына көз жеткізіңіз. • Барабанның ішінде су бар болса, су төгу немесе айналдыру бағдарламасын орнатыңыз.
Құрылғыдан тосын шуыл шығады.	• Құрылғы деңгейінің дұрыс реттелгеніне көз жеткізіңіз. "Орнату" тарауын қараңыз. • Орам материалдарының және/немесе тасымал болттарының алынғанына көз жеткізіңіз. "Орнату" тарауын қараңыз. • Барабанға көбірек кір қосып салыңыз. Кір тым аз салынған болуы мүмкін.
Жуу нәтижелері қанағаттанарлық емес.	• Жуғыш заттың мөлшерін көбейтіңіз немесе басқа жуғыш затты пайдаланыңыз. • Оңай жуылмайтын дақтарды арнайы жуғыш заттарды пайдаланып, кір жумай тұрып тазалаңыз. • Температураның дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. • Кірдің салмағын азайтыңыз.
Функцияны орната алмадыңыз.	• Қажет түймешік(тер)дің ғана басылғанына көз жеткізіңіз.

Тексеріп болғаннан кейін құрылғыны іске қосыңыз. Бағдарлама үзілген жерінен бастап жалғасады.

Ақаулық қайта орын алса, уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Бейнебетте басқа ақаулық кодтары көрсетілсе. Құрылғыны сөндіріңіз де, іске қосыңыз. Ақаулық түзелмесе қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

ҚЫЗМЕТ

Фирмалық заттарды қолдануды ұсынамыз.

Уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласқан кезде мына деректерді дайындап алыңыз. Бұл ақпаратты техникалық ақпарат тақтайшасынан таба аласыз. үлгі (Mod.), Өнім нөмірі (Prod.No.), Сериялық нөмірі (Ser.No.).

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

Өлшемі	Ені / Биіктігі / Тереңдігі/ Жалпы тереңдігі	595 мм / 850 мм / 380 мм / 420 мм
Электртоғына қосу	Кернеу Жалпы қуат Сақтандырғыш Жиілік	230 В 2000 Вт 10 А 50 Гц
Төмен кернеумен жұмыс істейтін және ылғалға қарсы қорғалмаған жерлерден басқа жерлердің барлығы қатты заттар және ылғалдың кіруіне жол бермейтін қорғаныс қабатымен қорғалған		IPX4

Құйылатын судың қысымы	Ең азы Ең көбі	0,5 бар (0,05 МПа) 8 бар (0,8 МПа)
Құйылатын су [1)]		Суық су
Ең үлкен салмақ	Мақта мата	6 кг
Қуат тиімділігі санаты		A
Айналдыру жылдамдығы	Ең көбі	1000 мин/айн

1) Су құятын түтікті 3/4"бұрандалы су шүмегіне қосыңыз.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАТЫСТЫ ЖАҒДАЙЛАР

Белгі ♺ салынған материалдарды қайта өңдеуден өткізуге тапсырыңыз. Орам материалдарын қайта өңдеуден өткізу үшін тиісті контейнерлерге салыңыз. Электрлік және электроникалық құрылғылардың қалдығын қайта өңдеуден өткізу арқылы, қоршаған ортаға және адамның денсаулығына зиын келтіретін жағдайларға жол бермеуге өз үлесіңізді қосыңыз. Белгі салынған құрылғыларды тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Өнімді жергілікті қайта өңдеу орталығына өткізіңіз немесе жергілікті мекемеге хабарласыңыз.

⚠ СВЕДЕНИЯ ПО ТЕХНИКЕ БЕЗОПАСНОСТИ

Перед установкой и эксплуатацией прибора внимательно ознакомьтесь с приложенным руководством.
Производитель не несет ответственность за травмы и повреждения, полученные/вызванные неправильной установкой и эксплуатацией. Позаботьтесь о том, чтобы данное руководство было у Вас под рукой на протяжении всего срока службы прибора.

БЕЗОПАСНОСТЬ ДЕТЕЙ И ЛИЦ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

- Данный прибор может эксплуатироваться детьми старше 8 лет и лицами с ограниченными физическими, сенсорными или умственными способностями и с недостаточным опытом или знаниями только при условии нахождения под присмотром лица, отвечающего за их безопасность, или после получения соответствующих инструкций, позволяющих им безопасно эксплуатировать электроприбор и дающих им представление об опасности, сопряженной с его эксплуатацией.
- Не позволяйте детям играть с прибором.
- Храните все упаковочные материалы вне досягаемости детей.
- Храните все средства для стирки вне досягаемости детей.
- Не подпускайте детей и домашних животных к прибору, когда его дверца открыта.
- Очистка и доступное пользователю техническое обслуживание не должно производиться детьми без присмотра.

ОБЩИЕ ПРАВИЛА ТЕХНИКИ БЕЗОПАСНОСТИ

- Не изменяйте параметры данного прибора.
- Соблюдайте максимально допустимую загрузку в 6 кг (см. Главу «Таблица программ»).

- Рабочее давление воды (минимальное и максимальное) должно находиться в пределах 0,5 бар (0,05 МПа) и 8 бар (0,8 МПа).
- Вентиляционные отверстия в днище (если они предусмотрены конструкцией) не должны перекрываться ковровым покрытием.
- При подключении прибора к водопроводу должны использоваться новые поставляемые с ним комплекты шлангов. Использовать старые комплекты шлангов нельзя.
- В случае повреждения шнура питания во избежание несчастного случая он должен быть заменен изготовителем, авторизованным сервисным центром или специалистом с равнозначной квалификацией.
- Перед выполнением операций по чистке и уходу выключите прибор и извлеките вилку сетевого шнура из розетки.
- Не используйте для очистки прибора подаваемую под давлением воду или пар.
- Протирайте прибор мягкой влажной тряпкой. Используйте только нейтральные моющие средства. Не используйте абразивные средства, царапающие губки, растворители или металлические предметы.

УКАЗАНИЯ ПО БЕЗОПАСНОСТИ

УСТАНОВКА

- Удалите всю упаковку и вывинтите транспортировочные болты.
- Сохраните транспортировочные болты. Перед следующим перемещением прибора Вам будет необходимо заблокировать барабан.
- Прибор имеет большой вес: не забывайте о мерах предосторожности при его перемещении. Обязательно используйте защитные перчатки.
- Не устанавливайте и не подключайте прибор, если он имеет повреждения.
- Следуйте приложенным к прибору инструкциям по его установке.
- Не устанавливайте и не эксплуатируйте прибор в помещениях с температурой ниже 0°C или в местах, где он может оказаться под действием атмосферных условий.
- Убедитесь, что пол на месте установки прибора ровный, прочный, чистый и не боится нагрева.
- Убедитесь, что между днищем прибора и полом имеется достаточная вентиляция.
- Для обеспечения необходимого пространства между прибором и ковровым покрытием отрегулируйте высоту ножек прибора.
- Не устанавливайте прибор там, где его дверцу будет невозможно полностью открыть.

ПОДКЛЮЧЕНИЕ К ЭЛЕКТРОСЕТИ

- Прибор должен быть заземлен.

- Включайте прибор только в установленную надлежащим образом электророзетку с защитным контактом.
